

«Алматы облысы білім басқармасының Балқаш ауданы бойынша білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Көкжиде орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық
мекемесі мектепшілік ата-аналар жиналысының хаттамасы

№1 отырыс

Тақырыбы: «Бала тәрбиесі – мектеп пен ата-ананың бірлескен жауапкершілігі»

Өткізілетін күні: 2025 жылғы

Жиналыс түрі: Жыл басындағы ата-аналар жиналысы

Қатысқандар: Мектеп директоры, тәрбие орынбасары, Оқу орынбасары, мектеп психологі,
әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер және 36 ата-аналар (қатысқандар тізімі тіркелді)

Қатыспағандар: 5 ата-ана

КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР:

1. «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында қолдау көрсету және әлеуметтік көмектер және ыстық тамақтың ұйымдастырылуы туралы ақпарат (Әлеуметтік осал отбасыларды анықтау, ыстық тамақпен қамту, демеушілік көмек мәселелері)
2. Балалар қауіпсіздігі және зорлық-зомбылықтың алдын алу вебинар (Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу Құқықтық тәрбие және түнгі уақыттағы бақылау Төтенше жағдай нөмірлерін білу)
3. Білім алушылардың мектеп формасын сақтау мәдениеті және сыртқы келбетке қойылатын талаптар (Біркелкі киіну тәртібі, шаш үлгісі, тазалық, рюкзак және т.б.)
4. 2025–2026 оқу жылындағы тәрбие бағыты: «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасымен таныстыру (Құндылықтар жүйесі)

Тыңдалды:

1. Мектептің ішкі тәртіп ережелері мен оқушы мінез-құлық кодексімен таныстыру

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.З. Зейнелова сөз сөйлеп, жаңа оқу жылында мектепшілік тәртіп ережелері мен оқушының мінез-құлық кодексімен таныстырды. Атап айтқанда:

- Сабаққа себепсіз кешігу және келмеу мәселесі, ата-ананың міндетті түрде хабар беру тәртібі;
- Ұялы телефондарды сабақ кезінде қолдануға тыйым салынатыны ескерілді;
- Мектеп мүлкін бүлдірмеу, қоғамдық тәртіпті сақтау міндеттелді;
- Әр оқушының қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін ұстануы талап етілетіні айтылды. – **Сабаққа қатысу тәртібі:**

Әрбір оқушы сабаққа уақытылы келіп, себепсіз кешігуге және келмеуге жол бермеуі тиіс. Егер оқушы қандай да бір себеппен мектепке келе алмайтын болса, ата-анасы (немесе заңды өкілі) мектеп әкімшілігіне немесе сынып жетекшісіне алдын ала немесе сол күні таңертең хабарлауы қажет. Үш күннен астам себепсіз қалу – ескерту және тәртіптік шараларды тудырады. – **Сабақ уақытында тәртіп сақтау:**

Оқушы сабақ уақытында мұғалімнің нұсқауын тыңдап, білім алуға белсенді қатысуы керек. Әңгімелесу, басқа оқушыларға кедергі келтіру, рұқсатсыз орнынан тұру тәртіпке жат әрекет болып саналады. – **Ұялы телефон және гаджеттерді қолдану:**

Сабақ барысында ұялы телефонды, планшет немесе басқа да электронды құрылғыларды рұқсатсыз қолдануға тыйым салынады. Телефон тек ата-анамен байланыс қажет болған жағдайда үзіліс кезінде ғана қолданылуы мүмкін. Сабақ уақытында мұғалімнің келісімінсіз видео немесе фото түсіру де тәртіп бұзу болып есептеледі. – **Мектеп мүлкін сақтау:**

Мектептің оқу-құрал жабдықтары, жиһаздары, қабырғалар мен есіктері – барлығы ортақ меншік. Оларды бүлдірген немесе зақым келтірген оқушының ата-анасы материалдық жауапкершілікке тартылады. Оқушыларға мектеп аумағын таза ұстау және санитарлық талаптарды сақтау міндеттелді

– Қоғамдық тәртіп және мәдени мінез-құлық:

Мектеп ауласында, асханада, спорт залда, дәретханаларда оқушы өзін сыпайы, әдепті ұстауы тиіс. Басқа оқушыларға тіл тигізу, мазақтау, итеру, дөрекі сөйлеу немесе балағаттау – мінез-құлық ережесіне қайшы. – Қауіпсіздік ережелері:

Әрбір оқушы мектеп ішінде және сыртында қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауы тиіс.

Төтенше жағдайлар кезінде (өрт, жер сілкінісі, т.б.) эвакуация жоспарын білуі және нұсқауларға бағынуы қажет. – Оқушы беделі мен мектеп мәдениеті:

Әр оқушы мектептің ішкі ережесін сақтай отырып, өзін тәртіпті, жауапты азамат ретінде көрсете білуі керек. Мектеп беделі – оқушының мінез-құлқынан, тәртібінен көрінеді.

2. Білім алушылардың мектеп формасын сақтау мәдениеті және сыртқы келбетке қойылатын талаптар

Сынып жетекшілер мен әкімшілік тарапынан оқушылардың мектеп формасына қатысты нақты талаптар түсіндірілді.

– Біркелкі мектеп формасын кию (ұлдар – кара шалбар мен көк пиджак, қыздар – көк белдемше мен ақ блузка);

– Шаш үлгісінің ұқыпты әрі мектепке лайық болуы (ашық түске боялған, ерекше сәнделген шашқа тыйым);

– Рюкзак пен аяқ киімнің тазалығы мен жарамдылығы;

– Артық аксессуарлар мен макияждың мектепке сай келмейтіні ескертілді.

3. Оқушылардың қауіпсіздігі мен құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары

Мектеп инспекторы және әлеуметтік педагог баяндама жасап, келесі маңызды бағыттарды атады:

– Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу бойынша ата-аналармен бірлескен жұмыс жүргізу қажеттілігі;

– Оқушылардың түнгі уақытта қоғамдық орындарда заңсыз жүруіне тыйым салынатыны туралы түсіндіру;

– Құқықтық сауаттылықты арттыру мақсатында құқық қорғау органдарымен кездесу жоспарлары;

– Төтенше жағдай нөмірлерін (101, 102, 103, 104) үйретіп, жаттату керектігі айтылды.

4. «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында қолдау көрсету және әлеуметтік көмектер туралы ақпарат

Әлеуметтік педагог сөз алып, биылғы жылы да мектеп бойынша әлеуметтік көмекке мұқтаж оқушылар тізімі жасақталып жатқанын хабарлады.

– Аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға мектеп формасы, оқу құралдары және ыстық тамақпен қамту қарастырылған;

– Демеушілердің көмегімен жүргізілетін жұмыстар туралы айтылып, ата-аналар арасында қажет отбасылар анықталуда;

– Ата-аналарға осы бағытта шынайы ақпарат беру және дер кезінде мектепке хабарлау қажеттілігі ескертілді.

5. 2025–2026 оқу жылындағы тәрбие бағыты: «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасымен таныстыру

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Зейнелова «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңа оқу жылындағы тақырыптық бағыты – «Адал азамат» екендігін таныстырды.

– Жыл бойы оқушылар арасында адалдық, әділдік, еңбекқорлық, патриотизм құндылықтары насихатталатыны айтылды;

– Құндылықтарға негізделген сынып сағаттары, челленджер, жобалық жұмыстар, кездесулер өткізу жоспарланған;

– Ата-аналар бұл жұмыстарға серіктес ретінде тартылатыны және оқушыны отбасы тарапынан қолдау маңызды екендігі баса айтылды.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Барлық ата-аналар балаларына ішкі тәртіп ережелері мен мінез-құлық нормаларын сақтауын қадағалайды.
2. Оқушылар мектеп формасы мен сыртқы келбетке қойылатын талаптарды күнделікті сақтауы тиіс.
3. Буллинг пен құқықбұзушылықтың алдын алу үшін ата-ана – мектеп – оқушы ынтымақтастығы күшейтіледі.
4. Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасылар туралы деректер толықтырылып, мектепке хабарлау жалғасады.
5. «Адал азамат» бағыты аясында өтетін тәрбие жұмыстарына ата-аналар белсенді қатысады.

Хатшы: Р. Зейрелова

Қолы: 

Күні: « 12 » _____ қыркүйек _____ 2025 ж.